

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледж» МКҚК-нің материалдық техникалық базасында 62-ден астам зертханалар, кабинеттер мен дәрісханалардан тұрады. Колледждің 350 орынды мәжіліс залы, 80 орындық оқу залы, спорт залы, медициналық пункты, асхана, 200 орынды жатақханасы бар.

Бүгінгі таңда кітапхана қоры 81579 дана кітапты құрайды. Колледж оқытушыларының құрастырған оқулықтары мен кітаптары жарыққа шығып, студенттер сабақтарына қолдануда. Колледж кітапханасында электронды кітаптарды жүктеу жұмыстары жүргізілуде.

Шымкент қаласы бойынша 7 колледж **«Жас маман»** жобасына іріктеліп өткен болатын. (2021 жыл) Соның бірі біздің колледжде «Жас маман» жобасы аясында екі мамандықтың біліктіліктері бойынша мамандар дайындауда. Олар:

07140900—«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»

3W0714901 Телекоммуникациялық жабдықтар мен байланыс арналарын электромонтаждаушы-реттеуші

07130200 – «Электрмен қамтамасыз ету»

4S07130202техник-электрик

Бүгінгі таңда колледжде құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. Оқу-тәрбие процесі кезінде колледжде оқушылар арасында құқық бұзушылық, қылмыс, суицид жағдайлары болған жоқ.

Камералар саны – 52 (32і+20с). Олардың барлығы Ішкі істер басқармасының жедел басқару орталығына қосылған. Колледжде турникет және дабыл кнопкалары орнатылған.

2023 жылғы ақпан айында Политехникалық колледжін Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Шымкент қаласының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік аттестаттаудан өткізді. (Бұйрық № 75, 15.02.2023ж.)

Колледжде 11 мамандық, 12 біліктілік бойынша техникалық-кәсіби мамандар дайындайды. 2025-2026 оқу жылында колледжде барлығы: 2020 студент, оның ішінде күндізгі бөлімде: 1688 студент (I курс - 418; II курс -451; III курс- 402; IV курс - 417). Сыртқы бөлімде: 252 студент білім алады. Жергілікті бюджет бойынша – 1688 студент; Ақылы негізде – 252 студент.

Кредиттік-модульдік оқыту жүйесімен 1688 білім алуда. 2024-2025 оқу жылында жалпы бітірушілер саны 433, оның ішінде жұмысқа орналасқан түлектердің жалпы санының үлесі 77,3% құрайды.

Дуальды оқыту жүйесі бойынша 685 студент білім алуда. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2025-2026 жылдарға арналған МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ бойынша 100% орындалып отыр. Мемлекеттік бағдарлама бойынша 26% болуы тиіс, ал колледжде 40% құрап отыр, 26 мекемемен келісім шарт түзілген.

2025 – 2026 оқу жылында Шымкент қаласындағы 24 мекемелермен келісім шарт жасалды. Келісімшарт негізінде мекемелерде өндірістік, технологиялық, дипломалды іс-тәжірибелерден өтуде.

Шефтік екі мекемемен келісім жасалды. «Ай Сервис Транс» ЖШС, «Қуатжылуорталық - 3» МКҚ.

Колледж білім алушыларының білім сапасының динамика көрсеткіші артып отырады. Бүгінгі күні білім сапасы 91,2% құрайды.

Колледжде 13 пәндік бірлестік комиссиясы жұмыс жасайды.

Колледж инженерлік-педагогикалық құрамы **144 оқытушыны** құрайды. Оның ішінде Педагог-шебер – 2 (1,3%), Педагог-зерттеуші - 36 (25,2%); Педагог-сарапшы - 16 (11,3%), Педагог-модератор - 54 (40,3%), Педагог - 24 (23,4%), I санат бойынша – 1, II санат бойынша - 1 қызмет атқарады.

Жаңа форматтағы санатты иеленген оқытушылар: педагог-шебер – 2, педагог-зерттеуші-35, педагог -сарапшы -16, педагог-модератор – 57, педагог-стажер - 5.

1 кандидат, 33 магистр бар.

Қалалық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарының жеңімпаздары, жүлделі орындарға ие болған педагогтар саны: 11 .

«WorldSkills Shymkent - 2025» кәсіби шеберлік аймақтық чемпионат Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары және кәсіпорындармен бірлесе отырып, ағымдағы жылдың 13-16 мамыр күндері аралығында өтті. Чемпионат нәтижесінің қорытындысына сәйкес, Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК 10 құзыреттілік бойынша қатысып 9 құзыреттілік бойынша 1 орын иеленіп, Астана қаласында өтетін «WorldSkillsKazakhstan - 2025» кәсіби чемпионатына жолдама алды.